

«АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚА КӨЛ СҰЛАМА»
Оқиғаларына қатысты мәселелерді талдау

Б.Б. Кәрібаев,
ҚР ҰҒА академигі,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті Қазақстан тарихы
кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д.

Биыл, 2023 жылы қазақ халқының тарихындағы аса ауыр, өте қайғылы және қасіретті болған оқиғалардың бірі – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларына 300 жыл толып отыр. Бұл кездегі қасіретті оқиғалардың таңбасы мен ізі халық жадында сақталынып, ел аузында тарихи аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, қайғылы әндерде көрініс тапты.

Тек XX ғасыр басында ұлт зиялыларының тарихи еңбектерінде ғана «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары алғаш рет қағаз бетіне түсіріліп, қалың жұртшылыққа таныстырылады. Сол тұстан бастап ел тарихындағы осы бір қайғылы оқиғаларға толы жылдар – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тарихи сөз тіркесімен сақталынып қалды және барлық тарихи еңбектерге енді.

Өтіп кеткен тарихи процестер мен оқиғаларды зерттеу арқылы біз олардан алынған тарихи білімдердің тәлімдік, тәрбиелік мәндеріне ерекше назар аударуымыз қажет. Зерттелген тақырыптың тәлімдік жағы жақсы анықталса, онда ол болашақта тағы қателіктерге бой алдырмауға септігін тигізеді. Сол себепті де тарихымыздағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары секілді тақырыптарды зерттеудің маңызы зор.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғалары XVIII ғасырдың 20-шы жылдарының бірінші жартысында қазақ-жоңғар қарым-қатынастарының барысында орын алды. Сол себепті де зерттеушілер алдында осы екі жақты қарым-қатынастың тарихы, оның сипаты мен барысы, кезеңдері, сол кезеңдегі тарихи тұлғалардың ролі, тарихи алғышарттары мен оқиғаның себептері, салдарлары секілді маңызды сұрақтар тұр.

Олардың бәрін ғылыми тұрғыда шешкенде ғана тарихымыздағы қасіретті оқиғалар кезеңін толық түсіне аламыз. Сондықтанда біз осы жұмысымызда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларына қатысты кейбір мәселелерді қарастырамыз. Олардың қатарына ең алдымен, терминнің пайда болуы мен оның ғылыми айналымға енгізілуі, «Ақтабан

шұбырынды» оқиғаларының алғышарты мәселесі және себептері мен сабақтары мәселелері жатады.

Енді төменде осылардың бәрін рет-ретімен қарастыралық.

XVIII ғасырдағы қазақ тарихына қатысты тарихи әдебиеттерді хронологиялық тұрғыда қарастыру барысында жалпы қазақ-жоңғар қатынастарына қатысты мәселелер біршама баяндалады [1; 2; 3; 4; 5; 6;]. Бірақ ол еңбектерде XVIII ғасыр басындағы қазақ халқының басынан кешірген қайғылы жағдайы айтылса да, «Ақтабан шұбырынды» атауы кездеспейді. Тіпті Ш.Уәлиханов өзінің «Абылай» атты мақаласында қазақ халқы үшін XVIII ғасырдың қандай ауыр болғаны жөнінде былай деп суреттеп жазады: «XVIII ғасырдың бірінші он жылдығы қырғыз (қазақ) халқының өмірінде өте сұмдық уақыт болды. Жоңғарлар, еділ қалмақтары, жайық казактары мен башқұрттар тұс-тұстан олардың ұлыстарына ойран салды, малды айдап кетіп, қырғыздарды отбасыларымен тұтастай тұтқындады. Тәңірінің сынағы сияқты ызғарлы қыс, жұт пен аштық олардың қайғысын ауырлатты. Орынбордағы қырғыз бір басшы өз жерлерінің аянышты жай-күйін бір топ ит қуған қоянның жағдайымен салыстырады. 1723 жыл өзінің қатерлі сипатымен қырғыздардың есінде ерекше орын алып, халық жадында ұзақ сақталып қалды. Осы қалың қар мен жұт қабаттасқан сәтсіз жылы Қалдан –Серен – жоңғар қонтайшысы қайсақтар мен буруттарды олардың бұрынғы шапқыншылықтары мен сотқарлықтары үшін жазалауға қыруар қолмен Қырғыз (Қазақ) даласына басып кірді» [6, 119-120]. Одан әрі ол қай жүздің Орта Азияның қай өңіріне барып паналағанын жаза келе, Абылайдың өмірін және оның жоңғарларға қарсы күрестегі ролін көрсетеді де, мақаласының соңында XVIII ғасырды «Абылай ғасыры» дей келе, ол - «қазақ батырлығының ғасыры болып табылады», - деп түйіндейді ойын [6, 120-124]. Осылайша, XVIII ғасыр басындағы қазақ халқының басынан өткен ауыр күндерді Ш.Уәлиханов керемет баяндайды, бірақ «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атауын қолданбайды.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметтерінің бірі - ұлт тарихына арналған еңбектер жазу болды. Қ.Халид, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышпаев та біз қарастырып отырған мәселе бойынша да өз ойлары мен пікірлерін оқырмандарға ұсынды [7; 8; 9]. Міне, осы еңбектерде алғаш рет біз қарастырып отырған тарихи атау - «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атауы кездеседі. Осы жөнінде толығырақ тоқталсақ.

XX ғасыр басындағы жарық көрген тарихи танымдық кітаптардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шешіресі» (1911 жылы жарық көрген) атты еңбегі [8]. Осы еңбекте автор алғаш рет XVIII ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ-жоңғар қатынастары барысында жоңғарлардың қазақтарға жасаған ауыр соққылары мен оның салдарларын ауыз әдебиетінің материалдарына сүйене отыра, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғалары деп түсіндіреді [8, 25]. Ол былай деп жазады: «...1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда,

қалмақтың бастығы Цеван Рабдан казактың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда казактар казактар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көздің басына келіп айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: көргенін де сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» болсын дейді, мағынасы «табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн» дегені...»[8, 25]. Одан әрі Шәкәрім қажы осы оқиғаға тікелей қатысты он екі жолдық «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын мұңды халық әнін келтіреді[8,25-26]. Осы кітаптан соң, шамамен 1-2 жыл өткен соң, 1912-1913 шұбырынды» жылдарындағы оқиғаларды былайша жырлайды:

«...Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл,

Қазак, қалмак атысқан, мұны да біл.

Қалмақтың бастаушысы – Суан Раптан,

Өзі батыр, соғысқа тым айлашыл...

...Қазакты ол ұрыста қалмак алды,

Үш есенің екеуін қырып салды.

Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойында,

Арқаға казак ауып кетіп қалды.

Осы жол – бар казакқа белгілі жол,

«Ақтабан шұбырынды» дегенің сол.

Жаяу жүріп табаны аппақ болып,

Қорлық көріп казактың шұбырганы ол...»[10, 290].

Көріп отырғанымыздай, «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама» деген тарихи сөз тіркесін ел аузынан жинап, қағаз бетіне түсіріп, оны алғаш рет ғылыми айналымға түсірген Шәкәрім Құдайбердіұлы екен. Мүмкін, Шәкәрім қажыға дейін де бұл атау қағаз бетіне түсірілген шығар, бірақ ол дүние біздің көзімізге түскен жоқ, қолымызға ілінген жоқ. Сол себепті де терминді алғаш қолданған авторды Ш.Құдайбердіұлы деп санаймыз.

Ал бұл тарихи атауды орыс тілді кең ғылыми ортаға таныстырған келесі бір алаш ардақтысы – Мұхаметжан Тынышпаев болды. Егерде Ш.Құдайбердіұлы бұл атауды өз еңбегінде жалпы мәтін арасында тек атап өтіп, оның пайда болу мағынасымен қысқаша түрде таныстырып қана өтсе, М.Тынышпаев өзінің 1927 жылы жарық көрген ғылыми мақаласының атауын «Ақ-табан - шұбырынды» (Великие бедствия и великие победы казаков) деп атап, оны академик В.В.Бартольдтың құрметіне достары мен шәкірттерінің арнап шығарған жинағында жариялайды[11, 57-68].

Кеңестік кезеңде идеологиялық тұрғыда алаш қайраткерінің есімін атауға тыйым салынғандықтан тәуелсіздікке дейін алаш ардақтысының еңбектерін де пайдалануға тыйым салынғаны баршаға аян. Сол себепті де алаш қайраткерінің тарихи тұжырымдары тарихнамада айтылмай, қалың оқырман түгілі, зерттеушілер үшін де беймәлім бол келді. Тек тәуелсіздік жылдары ғана оның мұралары халқымен қауыша бастады, жаңа заманның

жаңа буын зерттеушілері оның еңбектерін толық пайдалануға мүмкіндік алды[9,185-199].

Жинақтың алғысөзінде оны шығарушылар есімі әлемге әйгілі академик В.В. Бартольдтың тарих ғылымы бойынша докторлық диссертация қорғауының 25 жылдығына арнап 1925 жылдың күзінде ғылыми еңбектер жазуды жоспарлағанын айтады. Мақала жазушылар қатарына М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов секілді авторлар енгізіледі. М.Тынышпаевтың мақаласы «Тарих» атты бөлімге, төртінші мақала боп енеді. XX ғасыр басындағы ұлт зиялысы «Ақ-табан - шұбырынды» (Великие бедствия и великие победы казаков) атты мақаласының алғашқы сөйлемін «Осыдан 200 жыл бұрын казак халқы басынан ауыр жағдайды өткерді, одан кейін ұлттық рухтың жаппай көтерілгені және тарихи жау – қалмақтарға қарсы ерлікпен күрестің жүргені байқалды...», - деп бастайды[9,185]. Көлемі жағынан 15-16 беттен тұратын мақаланың жартысынан астамы 1723-1726 жылдардағы жоңғар шапқыншылығынан туған ауыр жағдайларды баяндауға арналса, қалған бөлігі Бұланты мен Аңырақай шайқастарындағы казак халқының жеңістері туралы айтады. Сондай-ақ осы мақаласында автор халық есінде XVIII ғасыр басындағы қайғылы оқиғалардың «Ақтабан шұбырынды» атауымен қатар Кіші жүзде «Сауран айналған», Ұлы жүз бен Орта жүзде «Алқа көл сұлама» және «Қайың сауған» деп аталатынын айтады[8, 189-191]. Міне, осы кездерден бастап барлық тарихи зерттеулер тарихи оқулықтарда казак-жоңғар қатынастарындағы 1723-1725 жылдар аралығы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғалары деп аталып а бастады. Қазіргі таңда бұл атаудың санамызда терең орын алғаны соншалықты, 1723-1725 жылдар туралы әңгіме қозғалғанда ойымызға бірден осы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген сөз тіркестері бірден келеді.

Одан кейінгі кеңестік кезеңдегі тарихнамада бір жақты болса да XVIII ғасыр басындағы казак-жоңғар қатынастары мәселесінің аясы мен шеңбері кеңейіп, тың деректік материалдармен толықтырылып терең қарастырыла бастайды[10; 11; 12; 13; 14; 15; 16; 17; 18]. Біз бұл кезеңде мәселенен айналысқан зерттеушілердің тезистері мен баяндамаларының, жеке мақалаларының өте көп екендігін ескере келе, тек негізгі зерттеулерді ғана атап өткенімізді атап өтеміз.

Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихнамада, яғни қазіргі кезеңдегі зерттеулерде XVIII ғасыр басындағы казак – жоңғар қатынастары мәселелері мейілінше көп қарастырылды деуге болады. Ол зерттеулердің бәрін осы жерде көптігіне байланысты атап өту мүмкін емес деп ойлай келе, бірнешеуін ғана келтіреміз[19; 20; 21; 22].

Келесі қарастыратын мәселемізге «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының алғышарттары мәселесі жатады.

Кезінде академик В.В.Бартольд өзінің «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы» атты еңбегінде «...XVIII ғасыр бүкіл мұсылман әлемі үшін сындарлы болды», - деген тұжырым айтып, оған Ирандағы, Хиуадағы, Бұхарадағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірден бірнеше

мысалдар келтіреді де, керісінше, «бұл ғасыр европалықтар үшін даму мен прогресс ғасыры, европалықтардың бүкіл жер бетіне үстемдігін орнатуына басы болды», - деп жазған болатын [4, 275]. Мұсылман әлемінің құрамдас бір бөлшегі болған қазақ қоғамына да, оның мемлекеттілігінің дамуына да бұл тұжырымның тікелей қатысы бар. Олай болса, «Ақтабан шұбырындының» алғышарты болып саналатын хандық дәуірдегі қазақ мемлекеттілігінің XVIII ғасырдағы жағдайына қысқаша болса да назар аударып көрейік.

Дешті Қыпшақтың XV-XIX ғасырлардағы тарихы осы аумақта өмір сүрген қазақ этносының және оның саяси құрылымы – Қазақ хандығының тарихымен біте қайнасып жатыр. Ел тарихында бұл дәуір Қазақ хандығы дәуірі деп аталады. Уақыт жағынан алғанда бұл дәуірге - XV ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығы енеді, ал әлемдік тарих тұрғысынан қарасақ, бұл дәуір - Ортағасырлардың соңғы кезеңі мен Жаңа заманның алғашқы кезеңдерін қамтиды.

Хандық дәуірдің уақыт шеңберіне – ұлттық сипаттағы мемлекетіміз Қазақ хандығының тарих мінберіне көтерілген кезі – XV ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың 20-шы жылдарының бірінші жартысында оның тарих көшінде қалған кезі аралығы жатады. Осы бір төрт ғасырға жуық тарихы бар Қазақ хандығы дәуірін өз ішінде саяси тарихтың дамуына қарай шартты түрде екі үлкен кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңге – хандықтың бір орталықтан басқарылып тұрған жылдары жатса, ал – Қазақ мемлекетінің бытыраңқылыққа ұшыраған жылдары – екінші кезеңді құрайды. Керей мен Жәнібек хандар тұсынан Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі, яғни 1715 жылға дейінгі аралық хандық дәуірдің бірінші кезеңі болса, одан кейінгі Әбілқайыр хан, Қайып, Болат хандар және Жолбарыс хандардан бастап хандық дәуірдің екінші – бытыраңқылық кезеңі басталады да, ол кезең хандықтың біржолата тарихтың көшінде қалумен аяқталады.

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін онсыз да формалды түрде өмір сүріп отырған орталық хандық билік әлсіреп, қазақ қоғамында бір-біріне бағынбайтын бірнеше саяси құрылымдар мен күштер пайда болады. Есім ханның бір ұрпағы Қайып хан (1716-1718), одан кейін билікке келген Тәуке ханның үлкен ұлы Болат хан (1718-1723) осы жылдары қазақ қоғамында қалыптасқан ішкі саяси қайшылықтарды ретке келтіре алмады. Орталық атқарушы билік әлсіз болғандықтан жер-жердегі белелді сұлтандар өздерін хан деп жариялап, дербес саясат жүргізе бастайды.

Кіші жүзде Әбілқайыр хан, Ұлы жүзде оның туысы Жолбарыс хан Ташкенде отырып, дербес билеуші атанады. Түркістанда Болат ханның өлімінен кейін Тәуке ханның ұлы Сәмеке хан (1723-1737) таққа келеді, бірақ ол бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік жүйені қалпына келтіре алмайды. Ал одан кейін Болаттың ұлы Әбілмәмбет хан (1738-1771) Түркістандағы тақты иеленеді. Кіші жүз бен Ұлы жүздің тайпалары өз хандарына бағынғандықтан, Түркістандағы Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың билігі бар болғаны Орта жүз аумағындағы ру-тайпаларға, оның

ішінде олардың бір бөлігіне ғана таралады. Сол себепті олар бүкіл қазақтың Ұлы ханы деп аталмай, бар болғаны Орта жүз хандары деп атала бастайды.

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін қазақ-жоңғар қатынастарындағы белсенділік соңғыларына өтіп, қазақтар жағы жеңілістерге ұшырай бастады. Бір орталықтан басқарылатын Жоңғар мемлекетінің қуаты бытыраңқы қазақ хандықтарына ауыр тие бастады. 1716 жылғы қазақ-жоңғар шайқасында Қайып хан мен Әбілқайыр хан әскерлері арасында ауызбіршіліктің болмауы жеңіліске алып келсе, 1717 жылы жоңғарлардың қазақ жеріне жорығы сәтті аяқталады [20,20]. Осылайша, екі жақ арасындағы қарым - қатынастың өте ушығып тұрған кезінде қазақ қоғамында орталық хандық биліктің болмауы, саяси бытыраңқылықтың белең алуы қандай ауыр жағдайларға әкелетіні өздігінен түсінікті еді.

Дәл осы тұста алты жылға созылған (1717-1722) екінші ойрат-цинь соғысы Қытай императоры Сюань Енің 1722 жылдың соңында қайтыс болуына байланысты уақытша тоқтатылады. Қытаймен соғысуға даяр отырған жоңғарлар бар күшін 1723 жылдың ерте көктемінде Қазақ Еліне бағыттайды. 1723-1725 жылдардағы жоңғар әскерлерінің жойқын жорықтары қазақ халқына ауыр қайғы әкеліп, ол «Ақтабан шұбырынды», Алқа көл сұлама» оқиғалары деп аталады.

Ойларымызды түйіндей келе, XVIII ғасырды қазақ халқының тарихында мемлекеттілік тұрғыда алғанда құлдырау ғасырының басталған кезеңі деуге болады. Ал қалған тарихи үдерістердің бәрі сол құлдыраудың салдарлары болып табылады. XVIII ғасырдағы қазақ мемлекеттілігінің құлдырау үдерісі ішкі тарихи заңдылықтардан туындағанымен, сол ғасырдағы қазақ-жоңғар қатынастарының барысы, оның күрделі, шиеленісті жүруі бұл үдерісті үдетіп отырды. Сол себепті де «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының тарихи алғышартына біз, ең алдымен XVIII ғасыр басында қазақ қоғамындағы мемлекеттіліктің құлдырау үдерісі мен орталық хандық биліктің әлсіздігін немесе мүлде жоқтығын жатқызамыз.

Ендігі қарастыратын мәселеміз - «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының себептері жөнінде болады. Отандық тарих ғылымында бұл мәселені зерттеушілер тарапынан қарастырылған деуге болады. Жайылымдық жерлерге иелік ету, экономикалық және сауда орталықтары мен олар арасындағы жолдарға бақылау орнату, геосаяси факторлардың бәрі жоңғар шапқыншылығының себептері болып саналады.

Осы жерде жазушы Мұхтар Мағауиннің «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының пайда болу себептері туралы айтқан ойларына қатысты өзіміздің пікірлерімізді білдірсек. «Біздің тарихи және көркем әдебиетте Ақтабан шұбырынды жоңғарлардың тұтқиыл шабуылы салдарынан болған төтенше бақытсыздық ретінде бейнеленеді. Шын мәнісінде, 1723 жылғы жоңғар шапқыншы және оның нәтижесіндегі қазақ босқыны – осыған дейін тура қырық жыл бойы жүргізілген саясат пен майданның – Қазақ Ордасы мен Дүрбін - Ойрат арасындағы аяусыз күрестің соңғы түйіні, қорытынды зардабы ғана. Қазақ Ордасы 1723 жылы қалай қирады деп емес, осы 1723 жылға қалай жетті деп таңырқасақ дәліміз [26,133]. Одан әрі автор батыл

ойларын айта келе, казактардың жоңғар жорықтарынан, жоңғар қаруынан жойылудан сақтап қалған олардың Цинь империясымен жүргізген соғыстарының барысы деп ой түйе келе, «...Егер еженхан Сюань Е бұдан бес жыл бұрын өлсе, Ақтабан-шұбырынды 1718 жылы, он жыл кейін өлсе, 1733 жылы орнайтын еді. Анық ақиқаты осы!»,- деп тұжырымдайды [26, 134]. Автордың тұжырымдарын қысқаша түйіндесек, 1723-1726 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары тікелей сол кезеңдегі жоңғар-қытай қарым-қатынастарының салдары екен.

Ғалымның мұндай тұжырымымен келісе қою қиын. Дегенменде, 1722 жылғы ойрат-цинь уақытша бітімінің жоңғарлар үшін казактарға жорық жасауға мүмкіндік бергенін жоққа шығармаймыз. Бірақ ол фактор,- басты негізгі себеп бола алмайды. Сол себепті де біз төменде «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының қандай басты себептері болғандығы туралы өз ойларымызды ортаға салайық.

Қазақ-жоңғар қатынастарының Жоңғария мемлекеті құрылған кезден бері қалыптасқаны белгілі жайт. Осы қатынастар ішінде екі жақты әскери қатынастар, тонаушылық сипаттағы, кек алу, кек қайтару сипатындағы жорықтар XVII ғасырдың 30-шы жылдарынан бері жалғасып келеді. Жалпы, XVII ғасырдың 30-шы жылдарының ортасынан XVIII ғасырдың 10-шы жылдарының ортасына дейін, яғни Тәуке хан қайтыс болғанға дейін, қазақ-жоңғар қатынастары барысында екі жақ тарапынан қаншама үлкенді-кішілі итжығыс жорықтар мен шапқыншылықтар, шайқастар мен ұрыстар өтті.

Бұл соғыстар екі мемлекетке де ауыр болды, бірақ екеуі де өздерінің өміршеңдігін көрсетті. Өйткені соғысушы екі жақ тарапынан жорықтарды орталық мемлекеттік билік ұйымдастырып отырды, орталық атқару биліктің жүйесі жұмыс істеп тұрды. Қазақ хандығы жағынан да осы кезеңде өз шамасынша орталық хандық биліктің институттары жұмыс істеп, хан билігі, билер кеңесі, батырлар институты секілді мемлекеттік құрылымдар жорықтар ұйымдастыру мен жау жорықтарына қарсылықтар ұйымдастыру, қарсылас жақты үнемі аңдып отыру сияқты маңызды мемлекеттік жұмыстарды жүзеге асырып отырды. Жоңғария XVII ғасырдың 90 -шы жылдарында Цинь империясымен соғыстар жүргізіп жатқандықтан, Қазақ хандығы жоңғарларға қарсы бірнеше жорықтар жасап, белсенділік көрсетеді. Жоңғар хандығы тарихының маманы И.Я.Златкин дәл осы жылдардағы, яғни XVII ғасырдың 90 -шы жылдарындағы қазақ-жоңғар қатынастарындағы казактар үшін болған негізгі мәселеге жер, жайылымдарды жатқыза тұра, сонымен бірге, сауда жолдары мен сауда орталықтарына бақылау орнату да маңызды болды деп санайды [16, 217]. Мұндай маңызды шараларды тек хан тапсырмасымен жүзеге асатыны өзінен өзі түсінікті.

1698 жылы Жоңғария билігіне Цеван Рабтанның келуімен, бұған дейін атап өткеніміздей, екі жақты қатынастың жоңғарлар тарапынан сипаты өзгеріп, ол енді казактарға қарсы басқыншылық сипатқа ие бола бастайды. XVIII ғасырдың алғашқы 15 жылы ішінде екі жақтан да бір-біріне қарсы

бірнеше жорықтардың жасалғаны жөнінде тарихи әдебиеттерде жазылады [27, 122-126]. Бұдан шығатын қорытынды мынау – Тәуке хан қайтыс болғанға дейін қазақ-жоңғар қарым-қатынасында негізінен екі этностың өзі қалыптастырған мемлекеттік жүйелері, аумақтың екі саяси күштері – Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығы тұрды. Қарым-қатынас барысындағы жеңістер қай мемлекеттің ұйымдасуына, күш-қуатына тікелей байланысты болды. Тәуке хан қайтыс болғанға дейін Қазақ хандығы бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік жүйе болғандықтан өз жері мен халқын басқыншылықтан қорғап тұра алды.

Өкінішке орай, Тәуке хан билігінің соңғы жылдары байқала бастаған орталық биліктегі бытыраңқылық үдеріс белең алып, ол тарихи шындыққа айналды. Қайып хан (1716-1718), одан кейін Болат хан (1718-1723) орталық хандық билікті сақтай алмады. Бұрынғы біртұтас Қазақ хандығы аумағының өкімшілік бөліктерінде бір-біріне бағынбайтын бірнеше жеке, дербес, келте хандықтар және оларға бағынбайтын бірнеше дербес сұлтандар билігі қалыптасып, өмір сүре бастады. Дәл осы кезеңдегі қазақ қоғамында қалыптасқан саяси жағдайды орыс тілінде жазылған бір құжаттың қысқаша мазмұны былайша көрсетеді: «...40 мың түтіннен тұратын казактарды Әбілқайыр хан басқарады, тағы да Барақ және Әбілмәмбет деген екі ханы бар. Олар Ұлытау мен Кіші тауды, Сыр, Сарысу және Торғай өзендерін, Қарақұм далаларын башқұрттардан бір айлық жерде көшіп-қонып жүреді. Қазактардың тағы мынадай қалалары бар: 1. Басты қаласы – Ташкент, оның билеушісі Жолбарыс хан, 2. Түркістан, онда Сөмеке хан отыр, 3. Сайрам, онда Көшек хан билік құрады...» [25, 35-36].

Осының салдары ретінде 1716 жылғы казактардың жоңғарларға жасаған жорығы сәтсіздікке ұшыраса, 1717 жылғы жоңғарлардың казак жеріне қарсы жүргізген жорығы жеңіспен аяқталады [20, 20-21]. Жекелеген хандар мен сұлтандардың қарсы жорықтары біршама сәтті аяқталғанымен онша тереурінді бола алмады. Әрине, мұның себептері жоңғар билеушілеріне бірден түсінікті болды. 1723 жылы Жоңғария билеушісі Қытаймен жасалған уақытша бітімді пайдалана отырып, бар әскери күшін казактарға қарсы бағыттайды. Біртұтас, бір орталықтан басқарылатын Жоңғария мемлекеті өзінің бар әскери қуатын бір жұдырыққа жұмылдырып, бытыраңқы, шашыраңқы казак хандықтарына бағыттайды. Мұның зардабын әрине, ең алдымен халық көрді, басынан кешірді. Халық жадында бұл оқиғалар - «Ақтабан шұбырынды, Алқалық сұлама», «Сауран айналған», «Қайың сауған» оқиғалары атауларымен қалып, атадан балаға жетіп, ұмытылмай келді.

Осылайша, «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының ең басты себептеріне көзімізді жеткізсек, ол – жоңғар - қытай соғысының тоқтатылуы емес, Жоңғар мемлекетінің жорығына тойтарыс, қарсылық ұйымдастыра алмаған Қазақ хандығындағы саяси бытыраңқылық жағдай, жүздер аумағындағы хандықтарда ауызбіршіліктің болмауы және жекелеген сұлтандардың дербестік саясат ұстануы болып саналады.

Осылайша осы жұмыста айтылған барлық ойларымызды жинақтай келе мынадай қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар қатынастары барысында 1723-1725 жылдары болған ел басындағы қайғылы оқиғалардың «Ақтабан шұбырынды, Алқалы сұлама» деп аталғандығын алғаш рет ауыз әдебиетінің материалдарына сүйеніп Шәкәрім Құдайбердіұлы атап өтсе, М.Тынышпаев осы аттас мақала жазып, одан басқа тағы да «Сауран айналған», «Қайың сауған» деген атаулардың бар екендігін жазады. Сөйтіп ол «Ақтабан шұбырынды» атауын бүкіл ғылыми ортаға таныс етеді. Сол кезден бастап бұл термин барлық оқулықтар мен академиялық басылымдарда қолданылып келеді.

Екіншіден, біртұтас қазақ мемлекеттілігінің XVIII ғасыр басынан бастап құлдырай бастауы орталық хандық биліктің әлсірейіп қасауының көрінісі берді. Осы Тәуке ханнан кейін қалыптасқан орталық хандық биліктің әлсіздігі не жоқтығы «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларының алғышарттарына жатады.

Үшіншіден, «Ақтабан шұбырынды, Алқалы сұлама» оқиғаларының басты себебіне сыртқы фактор емес, ішкі факторды жатқызамыз. Қазақ қоғамында саяси бытыранқылықтың болуы осы оқиғалардың орын алуының басты себептеріне жатады.

Төртіншіден, қазақ тарихындағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары секілді маңызды тарихи мәселелер болашақта тың деректер негізінде зерттеле береді демеуіміз. Мұндай тарихи сабақты қазақ халқы ешқашан ұмытпауы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832. Ч.1-3.
2. Унковский И. Посольство к Зюнгарскому хун-тайчжи Цван Рабтану капитана от артиллерии Ивана Унковского и путевой журнал его за 1722-1724 годы. Документы, издание с предисловием и примечанием Н.И.Веселовского. - СПб., 1887.
3. Крафт И.И.Принятие киргизами русского подданства. - Оренбург, 1897.
4. Бартольд В.В. Сочинения, том II. Часть I. Общие работы по истории Средней Азии. Очерк истории Семиречья. М., 1963.
5. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб., 1910.
6. Уәлиханов Ш.Ш. Абылай. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-басылым. - Алматы: «Толғай групп», 2010. Т.4. - 496 б. 119-124 бб.
7. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих). Ауд.: Б.Төтенев, А.Жолдасов. - Алматы:Қазақстан, 1992. - 304 бет.
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. - Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. - 80 бет.
9. Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б.- Алматы, «Қазақ университеті», 1993. - 224 стр.
10. Шәкәрім Құдайбердіев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, [А.Құдайбердіев.] - Алматы: Жазушы, 1988. - 560 бет, суретті, портр.

11. В.В.Бартольд Туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927. - XII+556 стр. 57-68 с.
12. Чулошников А.П.Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1.Оренбург, 1924.
13. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. Алма-Ата, 1948.
14. Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1971.
15. Чимитдоржиев Ш.Б. Взаимоотношения Монголии и Средней Азии в XVII-XVIII вв. М., 1979.
16. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства.М.,1983.
17. Моисеев В.А. К вопросу об ойрато-казахских отношениях в 30-40-х гг XVIII в. // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1983. 177-191 стр.
18. Моисеев В.А. Некоторые вопросы казахско-джунгарских отношений в советской историографии. // Вопросы историографии и источниковедения Казахстана (дореволюционный период). Алма-Ата, 1988.
19. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи в XVII-XVIII вв. А., 1991.
20. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Абылая). - Алма-Ата. - 1988. - 144 с.
21. Ерофеева И.В. Хан Абулхайр: полководец, правитель, политик. Изд. 3-е, исправленное и дополненное. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 456 с.
22. Машимбаев С.М. Әбілқайыр хан (1693-1748) - Астана. - 216 б.
23. Қазақтың ханы - Абылай. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар. Алматы: «Ел шежіре» КҚ, т.1. - 640 б.
24. Қазақтың ханы - Абылай. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар. Алматы: «Ел шежіре» КҚ, т.2. - 640 б.
25. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). Издательство Академии Наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1961.
26. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. - Алматы: «Ер-Дәулет», 1994. - 238 бет.
27. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. - Алматы: «Атамұра», 2002. - 768 бет, суретті, карталы.

АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАҚӨЛ СҰЛАМА ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІСІ

Қ.С. Қаражан,
т.ғ.д., профессор

Қазақтардың басынан кешірген ең ауыр кезеңдерінің бірі «Ақтабан шұбырынды, Алқалы сұлама» қазақ ауыз әдебиетінің белгілі өкілдері Қожаберген, Үмбетей жыраулардың толғауларында, Ш.Құдайбердіұлының, XVIII және XIX ғасырлардағы қазақ даласына арнайы тапсырмамен келген әскери адамдары мен зерттеушілердің, қазақ тарихшыларының, жазушыларының зерттеу еңбектері мен көркем шығармаларында орын алған.

Бірақта қазақ тарихына арналған оқулықтар мен академиялық басылымдарда қазақтардың жоңғар басқыншылығына қарсы ұлт-азаттық күресінің алғашқы кезеңі мен оларды ұйымдастырып басқарған батырлар жөнінде елеулі олқылықтар сақталып келеді.